

БЕКІТЕМІН

«Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК директоры

Б.Х. Абдикерова

« 22 » 06 2022 ж.



Білім беру ұйымдарының педагог-психологтары арасында «Үздік жыл психологы - 2022» облыстық байқауын өткізу туралы ЕРЕЖЕСІ

«Үздік жыл психологы – 2022» байқауы (әрі қарай Байқау) педагог-психологтардың кәсіби деңгейін арттыруға және шығармашылық әлеуетін іске асыруға, білім берудің практикалық психологиясы қызметін дамытуға, отандық білім берудің адамгергершілік-рухани бағытын, тиімділігін, бәсекеге қабілеттілігін арттыруға ықпал ететін білім беру қызметінің міндетті құрамдас бөлігі ретінде психологиялық білімді насихаттауға бағытталған.

Байқаудың басты шарты психологиялық-педагогикалық идеялармен, тәжірибемен, жобалармен, білім беру ұйымдары педагог-психологтарының шығармашылық қызметінің нәтижелерімен алмасу болып табылады.

1. Байқаудың мақсаттары мен міндеттері

Байқаудың негізгі мақсаты кәсіби құзыреттілікті оңтайлы меңгергенін көрсететін талантты, шығармашылықпен жұмыс істейтін педагог-психологтарды анықтау, оларды қолдау және көтермелеу болып табылады.

Байқаудың міндеттері:

1. Педагог-психологтардың инновациялық тәжірибесі туралы деректер банкіні толықтыру.
2. Педагог-психологтардың үздік жұмыс тәжірибесін анықтау, жаңа буынның әдістемелік материалдар жинағын қалыптастыру.
3. Педагог-психологтардың кәсіби қарым-қатынасын, шығармашылық идеялар мен тәжірибе алмасуды ұйымдастыру.
4. Байқауға қатысушылардың кәсіби шеберлігінің өсуіне ықпал ету.
5. Педагог-психологтардың креативті көзқарасын, шығармашылық белсенділігін ынталандыру.

2. Байқауға қатысушылар

Байқауға жұмыс өтілі бар педагог-психологтар қатыса алады:

- 3 жылға дейін;
- 3 жылдан бастап 7 жылға дейін;
- 7 жылдан бастап және одан көп жыл.

3. Байқаудың мазмұны

I санат – 3 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагог-психологтар.

Байқау тапсырмаларын орындау барысында қатысушылар кәсіби эрудиция мен зияткерлік және жалпы мәдени даму деңгейін, көпшілік алдында сөйлеу мәдениетін көрсетеді.

II санат – 3 жылдан 7 жылға дейінгі жұмыс өтілі бар педагог-психологтар.

Байқауға қатысушылар кәсіби шеберлігін (балалармен, педагогтармен, ата-аналармен жұмыс істей білу), жалпы мәдениеті мен эрудициясын көрсетуге бағытталған тапсырмаларды орындайды.

III санат – 7 және одан да көп жыл жұмыс өтілі бар педагог-психологтар. Осы санаттағы қатысушылар кәсіби шеберліктің практикалық деңгейін, білім беру мазмұнын меңгеру дәрежесін, әдістемелік даярлықты, өз қызметін жобалау қабілетін, инновациялық технологияларды меңгеру деңгейін көрсетеді.

Байқаудың мазмұны кәсіби шеберлікті, психологиялық-педагогикалық қызмет саласындағы педагог-психолог тұлғасының шығармашылық өзін-өзі жүзеге асыру және өзін-өзі анықтау қабілетін, білім беру жүйесінде психологиялық міндеттерді шешу және жобалау қабілетін, психолог мамандығы, өзінің кәсіби көзқарастары туралы стандартты емес ойлармен эссе жазуды көрсетуге мүмкіндік беретін тапсырмаларды көздейді.

4. Байқауды өткізу кезендері мен мерзімдері

Байқау сатылы құрылымды және екі кезеңнен тұрады:

- қалалық/аудандық кезең **2022 жылдың 20 қыркүйегіне дейін** өткізіледі;
- облыстық кезең **2022 жылдың қазан айының бірінші декадасында** өтеді; әр бағыт бойынша облыстық байқауға қалалық/аудандық кезеңнен бір жеңімпаз қатыса алады.

Байқауға қатысуға өтінімдер мен эссені қабылдау **2022 жылдың 27 қыркүйегіне** дейін жүзеге асырылады (1-косымша), өтінімдер қатаң түрде тек білім бөлімдерінен қабылданады.

Байқаудың мерзімдері мен өткізілу түрі эпидемиологиялық жағдайға байланысты өзгертілуі мүмкін.

2022 жылдың 05 қазанында – Байқау I санаттағы педагог-психологтерге өткізіледі.

2022 жылдың 06 қазанында – Байқау II санаттағы педагог-психологтерге өткізіледі.

2022 жылдың 07 қазанында – Байқау III санаттағы педагог-психологтерге өткізіледі.

Байқауға тек практикада сыналған және практикалық қолдану нәтижелері бар жұмыстар ұсынылады.

5. Байқауды ұйымдастыру

Байқауды ұйымдастырушылары мен құрылтайшылары Қарағанды облысының білім басқармасы, Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы болып табылады.

Облыстық байқауды дайындауға және өткізуге басшылықты Қарағанды қаласы, С.Сейфуллин көшесі, 8/2 мекенжайы бойынша орналасқан ҚО ББД ОӘО жүзеге асырады. Телефон / факс: 8(7212) 502513, 445614.

Өтінімдер мен эсселер t.ilyuhina@umckrg.gov.kz электрондық поштасына «Үздік жыл психологы - 2022» белгісімен қабылданады.

Байқауды дайындау және өткізу жөніндегі ұйымдастыру жұмыстарын жүзеге асыру үшін ұйымдастыру комитеті құрылады. Қазылар алқасының құрамын ұйымдастыру комитеті бекітеді.

Ұйымдастыру комитеті облыстық байқауды дайындау мен өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, қазылар алқасының құрамын, өткізу бағдарламасын бекітеді, байқаудың қорытындысын шығарады, жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды.

6. Байқау қорытындысын шығару

Байқау қорытындысы бойынша қазылар алқасы әр бағыттағы жеңімпаздар мен жүлдегерлерді анықтайды. Жүлделі орындарға ие болған жеңімпаздар мен жүлдегерлер I, II, III дәрежелі дипломдармен, номинация жеңімпаздары грамоталармен марапатталады.

1-қосымша

«Үздік жыл психологы - 2022» облыстық байқауына қатысуға өтінім

№ р/р	Қатысушының ТАӘ (толығымен)	Аймақ, білім беру ұйымының атауы (толығымен)	Байқауға қатысу санаты	Байланыс деректері (моб.телефон, эл.пошта)

Жұмыс өтілі 3 жылға дейінгі психологтарға арналған тапсырмалар

1. «Мен және менің мамандығым», «Психолог - болашақ мамандығы», «Психолог және Мен», «Менің кәсіби ұстанымым» тақырыптарының біріне эссе жазу

Бағалау критерийлері:

- өзектілігі;
- мазмұнның тұтастығы, өзіндік ерекшелігі;
- тілдік безендіру мәдениеті.

Эссе көлемі 1,5-2 баспа бетте, WORD, Times New Roman шрифті, өлшемі 14, жоларалық интервал 1,0.

Эссе байқаудың Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

2. Өзін-өзі таныстыру

Қатысушылар өздерін кәсіби жағынан қызықты түрде таныстыруы, өзіндік ерекшелігін, креативтілігін, көшбасшылық қасиеттерін және т. б. көрсетуі қажет.

Бағалау критерийлері:

- психологияның мазмұнын, әдістемелерін игеруі;
- сахналық шеберлік;
- креативтілік;
- кәсіби шеберлік.

Сөз сөйлеу уақыты – 3-5 минут.

3. Еркін таңдалған тақырып бойынша оқушылармен сабақтың әзірлемесінің авторлық презентациясы

Презентация үшін слайдтарды немесе бейне ролик пайдалануға болады.

Бағалау критерийлері:

- тақырыптың өзектілігі;
- тақырыптың мазмұны;
- жалпы және кәсіби эрудиция;
- шығармашылық ойлау, креативтілік.

Сөз сөйлеу уақыты – 3-5 минут.

3-7 жыл жұмыс өтілі бар психологтарға арналған тапсырмалар

1. «Мен және менің мамандығым», «Психолог - болашақ мамандығы», «Психолог және Мен», «Менің кәсіби ұстанымым» тақырыптарының біріне эссе жазу

Бағалау критерийлері:

- өзектілігі;
- мазмұнның тұтастығы, өзіндік ерекшелігі;
- тілдік безендіру мәдениеті.

Эссе көлемі 1,5-2 баспа бетте, WORD, Times New Roman шрифті, өлшемі 14, жоларалық интервал 1,0.

Эссе байқаудың Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

2. Өзін-өзі таныстыру

Қатысушылар өздерін кәсіби жағынан қызықты түрде таныстыруы, өзіндік ерекшелігін, креативтілігін, көшбасшылық қасиеттерін және т. б. көрсетуі қажет.

Бағалау критерийлері:

- психологияның мазмұнын, әдістемелерін игеруі;
- сахналық шеберлік;
- креативтілік;
- кәсіби шеберлік.

Сөз сөйлеу уақыты - 3-5 минут.

3. Түзету және дамыту бағдарламасының немесе психология бойынша элективті курс бағдарламасының авторлық презентациясы

Презентация үшін слайдтарды немесе бейне ролик пайдалануға болады.

Бағалау критерийлері:

- бағдарламаның өзектілігі;
- бағдарлама мазмұнының қойылған мақсатқа сәйкестігі;
- тапсырмалар мен жаттығулар кешенін таңдаудың ғылыми негізділігі;
- бағдарламаның (курстың) нәтижелілігі, тиімділігі.

Сөз сөйлеу уақыты - 5 минут.

7 және одан да көп жыл жұмыс өтілі бар психологтарға арналған тапсырмалар

1. «Мен және менің мамандығым», «Психолог - болашақ мамандығы», «Психолог және Мен», «Менің кәсіби ұстанымым» тақырыптарының біріне эссе жазу

Бағалау критерийлері:

- өзектілігі;
- мазмұнның тұтастығы, өзіндік ерекшелігі;
- тілдік безендіру мәдениеті.

Эссе көлемі 1,5-2 баспа бетте, WORD, Times New Roman шрифті, өлшемі 14, жоғары интервал 1,0.

Эссе байқаудың Ұйымдастыру комитетіне жіберіледі.

2. Психолог портфолиосының презентациясы

Презентация үшін слайдтарды немесе бейне ролик пайдалануға болады.

Бағалау критерийлері:

- ұсынылған ғылыми-әдістемелік материалдың өзектілігі;
- материал мазмұнының пысықталу деңгейі;
- заманауи ақпараттық технологияларды қолдану;
- ұсынылған материалдардың нәтижелілігінің мониторингі.

Сөз сөйлеу уақыты - 5 минут.

3. «Психологтың сиқырлы әлемі» монологы

Бағалау критерийлері:

- креативтілік;
- әртістік;
- мазмұны.

Сөз сөйлеу уақыты - 3-4 минут.